

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БАЛЛАДА ЖАНРЫ

Мақсұтова Маржан Қарабекқызы

maksutova.marzhann@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., проф. М.Оразбек

Баллада жанры қазіргі ғылыми әлемде үлкен қызығушылықты тудырады. Себебі, бірнеше тарихи формациялардың көркемдік сұраныстарын көрсете алатын икемді жанрлық бірлік қатарына жатады. Баллада – ғылыми тұрғыда аз зерттелген жанр. Ең алғаш рет жоғары мектеп үшін жазылған Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» атты кітапта баллада лириканың бір түрі ретінде қаралған. Баллада жанр ретінде эпикалық шығармалардың баяндау белгілері (сюжеттілік, кейіпкерлердің алуандығы) мен лирикалық кіріспенің (психологизм, эмоционалдылық, іс-әрекеттің экспрессивтілігі) айқын көрінісі болып табылады. Баллада жанры лиро-эпикалық шығарма ретінде миф, аңыз, тұрмыстық немесе тарихи материалға негізделеді. Кеңес дәуіріндегі қазақ балладасы бойында қалыптасқан жанр белгілерін (сюжет, композиция) сақтап келеді. Бұл жанрдың тақырып аясы, сюжеттілік желісі мен баяндалатын кезеңі әр алуан. Авторлар қай кезде де заманына сай, көкейкесті міндеттерді өз тұрғысынан шешіп, өмір өзгерістерін қалт жібермей, дәуір шындығын дәл бейнелеуге талпынған. Суреткерлер өмір құбылысының ішінен ерекше қызықтырған, ой қиялына түрткі салып, көңіліне әсер еткен жайларды поэзия тілімен оқырман назарына ұсынады. Бір баллада сюжетіне өткен дәуір батырлары арқау болып, тарихи адам бейнесі жасалса, екіншісінде азғын фашизмнің зардабы, соның кесірінен адамдардың жүрегіне салынған жара, ауыр тұрмыс суреттеледі. Кейінгі кездегі жанр шығармаларында бейбіт заман адамдарының тұрмыс тіршілігіндегі мәселелері, адамгершілік идея мен адам тағдыры т.б. тақырыптар арқау болды.

Қазақ поэзиясындағы баллада жанрының жарқын өкілдерінің бірі – Абай Құнанбайұлы (1845-1904). Оның негізгі шығармашылық бағыты - жақсылыққа, оқу-білімге шақыру, мәдениет, адал еңбек, әділеттілік, халыққа, туған жерге деген сүйіспеншілік. Егер көркем балладаның негізгі белгілерін ескеретін болсақ: іс-әрекеттің бір эпизодқа шоғырлануы, оқиғаның алдыңғы себептері алынып тасталып, оқиға бірден іс-әрекеттен басталуы және ең аз түсініктемелермен немесе толықтырулармен жүргізіледі, бұны Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңімен үндестікте екендігін байқауға болады. Венгр ғалымы Йозеф Торма бүркітпен аң аулау дәстүрінің күрделі поэтикалық құрылымын сипаттай келе, классикалық еуропалық және үнділік драманың балладалық кең таралған элементіне жатқызады. Жалпы өлең екі бөлімнен тұратындығын, алғашқы бөлімдегі кейбір элементтер драмалық спектакльден құралған қаһармандық эпос монологынан, екінші бөлім - ақынның оқырмандарға үндеу сөзінен тұратындығын баяндайды. Балладада, ең алдымен, авторлардың назары кейіпкерлерді сипаттауға қарағанда сюжетке көбірек аударылады. Іс-әрекеттің шарықтау шегінің болуы міндетті болып табылады. Оқиғалар ең шиеленісті сәттерде беріліп, оған жатпайтын барлық іс-әрекет түсіріліп тасталады.

Қазіргі заманауи баллада эпикалық асыра сілтеуден үзілді-кесілді бас тартады, бұл жанр көбінесе жеке тағдырға, өмірдегі қайғылы жағдайға бағытталады. Бұл әсіресе қазақ ақындары: С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, С.Ерубасов, Ә.Тәжібаев, Б.Кулеева, Қ.Аманжолов, Г.Орманов, Қ.Бекхожин, Қ.Жармағамбетов, Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев, М.Әлімбаев, О.Сүлейменов, Ж.Нәжімеденов, Т.Бердияров, С.Жиенбаев, С.Мәуленов, А.Егеубасов, Т.Медетбеков, М.Шаханов, Ғ.Қайырбеков, Ұ.Есдәулетов, К.Мырзабеков, Г.Архипов, И.Оразбаев, Т.Абдрахманов, Т.Рахимова және басқа да ақындар шығармаларынан байқалады [1, 2176 бет].

Баллада жанры дегенде есімі ерекше аталатын ақындардың бірі — Қ.Жармағамбетов. Ақын туралы Баламер Сахариев: «Қазақ поэзиясында баллада жанрын бастаушы болмаса да, түбегейлі қоныс тептіріп, орнықтырушы Қайнекей болды десек, артық айтқандық болмас», -

деп өз ойын анық білдіреді. Ақын Қ.Жармағамбетовтің «Шын махаббат», «Ар туралы аңыз», «Шал мен ажал», «Ана кегі», «Әке мен бала», «Мұғалима», «Бидай», «Большевик», «Соңғы түн», «Жидебайдың түндері мен күндері», «Фирдоуси туралы баллада», «Ақын мен ажал», «Бетпақдала аңызы» т.б. балладаларын атай аламыз. Сондай-ақ ақын Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, К.Мырзабеков, М.Шаханов, И.Сапарбаев, М.Әлімбаев, Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімұлы, Ш.Сариев, И.Исаев, Ұ.Есдәулетов, Д.Стамбековтердің балладалары да әдебиетте өзіндік ерекше орын алады. Ж.Толысбаева мен Ә.Қабылов қазақстандық баллада туралы: «Батыс европалық канондарды мұралаудан бас тарта отырып, қазақстандық авторлар балладалары көп жанрлы табиғатқа ие болды және бұл жағдайда эпикалық фольклорлық мәтіндердің ұйымдасу принциптері алға шықты. Алайда баллада жасанды жанр болып табылмайды, оның мақсаты - белгілі ауызша поэтикалық материалдарды талдап-түсіндіру. Баллада өзінің дүние көрінісіне басқа дүние-бейнені емес, өзін өзектендіруге қаншалықты қажет болса, мәдени-әдеби өткеннің соншалықты көптеген ақпараттарын жинақтайды. Сол себептен, балладалық эксперименттердің бәрін бірдей сәтті шыққан дей алмаймыз. Авторлар өздерінің азаматтық-патриоттық сезімдерінің жетегінде кететін мәтіндерде эпикалық материалдардың тым көптігі орын алып, жанрлық дүние-бейне бұзылады», - деген ой айтады.

Шағын да қызықты сюжетке құрылған баллада өзінің идеясымен де, тәрбиелік мәнімен де құнды. Қазіргі ақындарға келсек, 2011 жылы республикалық «Тәуелсіздік таңым атты, арайлы!» жас ақындар мүшәйрасының бас жүлде иегері, халықаралық «Шабыт» фестивалінің арнайы грамота иегері Ақерке Асанның «Әйелдің жеті кереметі» баллада-циклін ерекше атап өтуге болады. Цикл жеті жырдан құралып, олар «Адалдық жыры. Пенелопа», «Қайсарлық жыры. Жанна Дарк», «Сұлулық жыры. Клеопатра», «Ерлік жыры. Томирис», «Ақыл-айла жыры. Хасике сұлтан Александра», «Тапқырлық жыры. Шехрезат», «Рух жыры. Фариза» деген атаулармен берілген. Шағын да нақты ойға құрылған циклдің әр жыры өзіндік ерекшелігімен, қайталанбас дара образдарымен әсерлі. Жеті жыр әр қырынан танылған әйел атаулының жеті түрлі сипатын бір топтамаға бағындырған. Осы арқылы жалпы әйел атаулының бағасын, мәртебесін арттырып, беделін еселей түскен. «Жұлдыз» журналы бетінде ақын Ә.Қайранның «Таға» және «Ор» балладалары жарық көрген. Алты тармақты 13 шумақтан және төрт тармақты 36 шумақтан тұратын балладалар өзіндік ішкі ойы бар белгілі бір оқиғаға құрылған. Бір қарағанда, шұбалаңқы көрінгенімен, балладалар автордың айтар ойымен, негізгі идеясымен құнды. Ақын Жанат Медетованың «Мысық туралы балладасы» да белгілі бір оқиғаға құрылған. Қазақ әдебиетінде баллада жанры - төл жанрларға қарағанда кенже дамығанымен, бүгінгі күнде кеңінен қолданысқа енген, болашағы бар, өрісі мол, қанатын кеңге жайған жанрлардың бірі. Өзге жанрлар сияқты қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының дамуына қомақты үлес қосып жүрген, белгілі сипаттарға ие қызықты да өміршең жанр [2].

Баллада, негізінен, итальян сөзі («ballare» - билеу деген мағынаны білдіреді). Академик З.Қабдолов: «Мұнда ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана тынбайды, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсетеді. Балладаның мазмұны көбіне тарихи шындық, оқшау фантастикалық хал, ерлік әрекет (мысалы, ағылшынның Робин Гуд жайлы халық балладалары) болып келеді» дейді.

Қазақ әдебиетінде баллада жайында жекелеген пікірлер айтылып, мақалалар жазылып жүргенімен, арнайы кандидаттық диссертация 2005 жылы қорғалды. Осы ретте Ж.С.Рамазанованың «Қазақ поэзиясындағы баллада жанры (қалыптасу, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты) деген тақырыптағы еңбегінің орны ерекше. Сондай-ақ Ж.Толысбаева мен Ә.Қабыловтың авторлығымен 2008 ж. Семей қаласында жарық көрген «Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі» еңбегіндегі «Баллада: даму тарихы мен қазіргі нұсқалары» атты арнайы тараушасын атауға болады. Ж.С.Рамазанова өзінің «Қасым поэзиясындағы балладалар» мақаласында: «Баллада - өлеңмен жазылатын синтетикалық жанр. Оған тән сипаттар: оқиға, характер, драматизм мен лиризмнің қоса өріліп келуі (баяндау, ақынның бағасы). Атам заманнан оқиғалы жырға, хикая хисса-дастанға құрылған қазақ поэзиясының бұл баллада түрі - әрі жазуға да, оқуға да ықшам, ой мен оқиғадан бос сөзге орын қалмайтын

кісі қызығарлық жанр. Психологиялық коллизиялар мен жеке адамның жан дүниесіндегі терең тебіреністер астасып өрбіп, белгілі бір қаһарманның тағдыр жолымен ұштаса көрініп, тосын шешім тауып отыратын баллада жанры қазақ поэзиясының да барынша шеберлікті, көркемдік тартысты жіті де толымды бейнелейтін саласы саналады» [2].

Е.Раушановтың «Қызық емес оқиға» атты шағын поэмасына (ақынның өзі баллада деп атайды) арқау болған – Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы. Бұл өте кең тараған діни мифологиялық сюжет. Балладаның лирикаға тән жанр екені белгілі. Сондай-ақ лиро-эпикаға да қатысты. Яғни, бұрыннан белгілі оқиға желісі лирикалық-психологиялық шеңберде суреттеледі. Қазіргі ұғымда ауыр, өзгеше сюжеттің өлең түрінде баяндалуы болып саналатын лириканың бұл түрі романтизм дәуірінде ерекше дамыды. «Көптеген балладалар аңыздармен байланысты болса, енді біреулері ғажайып құпия уақиғалармен байланысты болып келеді. Романтикалық балладаларда әлем мистикалық, жоғарғы күштердің патшалығы түрінде көрініп, оқиға құпия шеңберде өрістейді, әрекет етуші бейнелер аруақтар, өлілер болып келеді. XX ғасырда, романтикалық дүниетанымның тоқырап, реализмнің белең алған кезінде баллада біртіндеп мистикалық сипаттан арыла бастады, дегенмен оған деген қызығушылығын мүлде жоғалтқан жоқ», – деп жазады Э.Я.Фесенко. Еуропалық әдебиеттегі баллада тарихына көз жіберсек, архетиптік балладалық сюжеттерге ерекше назар ауады. Балладалардың фольклормен терең тамырлас болып, көнелік сипатқа иеленуі синкретті лироэпикалық жырлармен байланыстырылады. Қазіргі ұлттық әдебиетімізді бұл жанрдың дамуы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік тұрғыда сан салалы. Баллада жанрының даму тарихында «дайын сюжетті» пайдалану көркемдік мақсатта жүзеге асып, сол сюжет желісі трансформацияға ұшырайды [3].

Қорытындылай келе, баллада қазақ поэзиясындағы кісі қызығарлық, ықшам оқиға мен оқуға жеңіл және қарқынды даму үстіндегі, ғылыми зерттеуді талап ететін елеулі жанр болып табылады. Бұны ақын шығармаларындағы баллада жанрына көптеп қалам тартуларынан байқауымызға болады. Демек, лириканың поэтикалық формаларының белгілерін көрсететін лирикалық жанрдың табиғаты мен қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыда қарастыру мәселесі әлі де өзекті болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bektursyn Kaliev, Zhanar Ramazanova «Ballad as a Genre in Kazakh Literature», European Researcher, 2012, Vol.(37), № 12-2 2175-2178
2. Irangaipovna O. M., Sovetuly Y. K. Section 7. Theory of literature. Textual criticism //The Fifth European Conference on Languages, Literature and Linguistics. – 2015. – С. 182. 183-186 бет
3. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. / Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек т.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 – 216 б. ISBN 978–601–217–333–8

ӘОЖ 12.7

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТҮРЛЕНУ

Оркенқызы Аяулым

ayaulymo37@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. Қ.М.Байтанасова

Поэзия – әдебиеттің көне саласы, бірақ жасаған сайын жасара түсетін жанды саласы. Өлең өнері толастамай, үсті-үстіне құйыла беретін тасқын десек, оны бір кісінің сарқа зерттеуі